



КеАҚ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті»

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### СМЖ ТАЛДАУ

«УТВЕРЖДАЮ»  
Декан факультета  
Естественных наук  
Н.Л. Шапекова

### «ЖАЛПЫ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНОМИКА» КАФЕДРАСЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША

2021-2022 оқу жылының  
Жылдық есебі

ҚАРАЛДЫ  
Кафедра отырысында  
хаттама № 10  
28.06.2022 ж.

Астана, 2022 ж.

Жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстар оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

1. Оқу жылының қыркүйек айынан бастап, 2022 жылы бітірген түлектерден жұмысқа орналасу бойынша анықтама жиналып, ААЖ «Платонус» (Platonus) жүйесіне жүктелді. Түлектердің жұмысқа орналасуының мониторингі бас ғимараттан келген шығыс арқылы бақыланып отырды. Анықтама бермеген түлектермен электронды почта, байланыс телефоны арқылы хабарласып, жұмыстар оқу жылының соңына дейін жүргізіледі.

2. Қараша айының 3 күні жұмыс берушілермен кездесу және «Бос орындар жәрмеңкесі» өтті. Кафедра бойынша биылғы бітіруші түлектерден 4 курс бакалавриаттары, 2 курс магистранттары және 3 курс докторанттары қатысты.

3. Желтоқсан айының 2 күні ҚР қолданыстағы Білім заңнамасының нормаларына сәйкес міндетті жұмыс өтілімі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша 4 курс бакалавриаттары, 2 курс магистранттары және 3 курс докторанттары, ақпарат парағымен таныстырылды. Кафедра бойынша 41 бітіруші қатысты. Тізім бойынша түлектер тексеріліп, қатыспаған студенттермен хабарласып, оларды келесі жылдың сәуір айында ұйымдастыру туралы ұсыныс айтылды.

4. 15.12.2022 жылы «QS Global Employer Survey 23» бойынша Microsoft Teams платформасында онлайн форматта жұмыс берушілер мен түлектерді нұсқаулық бойынша деректер базасына тіркеу және жұмыс берушілердің сауалнама толтыру қағидалары бойынша жиналыс өткізілді <https://enu.kz/ru/razvitiye/reitingi/qs/metodologiya-reitinga.php>. Кафедра бойынша көптеген кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінен 100 жұмыс беруші ұсынылды. Бұл шара әлі жалғасып жатыр.

5. Қазіргі уақытта 2022 жылы бітірген түлектерден жұмысқа орналасу бойынша төмендегідей нәтиже көрсетілді. Бұл бақылау оқу жылының соңына дейін жалғасын табады (мамыр айы).

8D05107 - *Биология докторантура* барлығы 15. 2 докторант туу туралы куәлік негізінде жұмыстан босатылады, 13 докторант мамандық бойынша жұмыс жасайды толық жұмыспен қамтылу 100%.

7M05107 – *Биология магистратура ғылым* барлығы 14. Оның ішінде 13 магистр (маг) жұмыс істейді анықтама берді, 1 маг туу туралы куәлік негізінде жұмыстан босатылады, 2-еуі мамандық бойынша емес, қалғандары мамандық бойынша. Толық жұмыспен қамтылу 93%.

7M01513 - *Биология педагогтарын дайындау магистратура* барлығы 18 . 2 маг туу туралы куәлік негізінде жұмыстан босатылады, 16 маг мамандық бойынша жұмыс істейді анықтама берді, толық жұмыспен қамтылу 89%.

6B05107 - *Биология бакалавр* барлығы 25. 3 студент туу туралы куәлік негізінде жұмыстан босатылады, 22 студент анықтама берді, толық жұмыспен қамтылу 88%.

6. 2021 -2022 оқу жылында Биология мамандығы бойынша оқытудың 3 деңгейі бойынша бітіретін түлектерді алын - ала жұмысқа бөлу бойынша ААЖ «Платонус» (Platonus) жүйесінде жұмыстар жасалды.

7. 2022 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша SWOT-талдау, төменде кесте 1 көрсетілді.

Кесте 1

Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша SWOT талдау


Күшті жақтары	Әлсіз жақтары

<p>Түлектердің жұмысқа орналасуын бақылау мақсатында жұмыс беруші компаниялармен және университет түлектерімен кері байланыс орнату;</p> <p>Заманауи ғылыми-өндірістік экожүйені дамытуға, бизнеспен және өндіріспен байланысты нығайтуға басымдық берілуі;</p> <p>Студенттердің еліміздегі ең беделді және ірі компаниялары мен мекемелерінде өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, сонымен қатар университет түлектерінің жұмысқа орналасуларына ықпал жасау;</p> <p>Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және іске асыруға жұмыс берушілерді тарту, бітірушілердің біліктілігін бағалау, ғылыми жұмыстарға бірлесіп жетекшілік ету; -тәжірибе базасының болуы;</p> <p>Кафедра компьютерлік сыныптармен, заманауи мультимедиялық және интерактивті жүйелері бар мамандандырылған кабинеттермен ұсынылған материалдық-техникалық базамен жабдықталған.</p> <p>Шетелдік мамандарды ұзақ мерзімді негізде тарту;</p> <p>Студенттер мен педагогикалық ұжымның академиялық ұтқырлығын дамыту үшін жағдай жасау;</p> <p>Студенттердің практикалық дайындығын ұйымдастыру;</p>	<p>Жастарды жұмыспен қамту мәселесінде жұмыс берушілер тарапынан мамандарға қойылатын талаптардың жоғарылығы, бірінші кезекте тәжірибесі бар үміткерлерге басымдық берілуі;</p> <p>Ұсынылған жұмыс орнында орындардың болмауы;</p> <p>Ғылыми-зерттеу институттары, университеттер және отандық кәсіпорындар, бизнес арасында өзара тығыз байланыстың болмауы;</p> <p>Өте жылдам таралып жатқан технологиялар мен инновациялар еңбек ресурстарының жаңа генерациясын талап етуі, мамандарды даярлау жүйесін әрі қарай тереңірек жаңғырту қажеттігі;</p> <p>Көптілді топтарды ашу үшін шет тілін жетік меңгерген мамандардың аздығы;</p>
<p><b>Мүмкіндіктері</b></p>	<p><b>Қатерлері</b></p>
<p>Білім, ғылым және өндіріс интеграциясын күшейту;</p> <p>Университет ғылымын дамыту, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық орнату, ғылымды танымал ету;</p> <p>Білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасын жаңарту және жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар үнемі жүргізу;</p>	<p>Қазіргі геосаяси ахуалға байланысты, көршілес елдерден келген жұмыс күшінің қазақстандық еңбек нарығында бәсекелестікті туындату мүмкіндігі;</p> <p>Жұмыстың, кәсіптің жаңа форматтары пайда болуы, еңбек ресурстарының дағдыларына қойылатын талаптар күшеюі;</p> <p>Адами капиталды дамытуға, цифрлы, когнитивтік және әлеуметтік-мінез-құлық дағдыларын игеруге қажеттіліктің туындауы;</p>

<p>Биология саласында іргелі білімі бар және осы білімді кәсіби қызметінде қолдана алатын бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау;</p> <p>Практика, тағылымдама өткізу базаларын ұсына алатын немесе университет студенттері мен түлектеріне жұмыс беруші бола алатын барлық меншік формасындағы кәсіпорын, ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқару;</p> <p>Кафедраның ұйымдармен және кәсіпорындармен байланысын нығайту, студенттердің кәсіби тәжірибесінің негіздерін кеңейту;</p> <p>Түлектердің жұмысқа орналасуын бақылау мақсатында жұмыс беруші компаниялармен және университет түлектерімен кері байланыс орнату;</p> <p>Тиісті білім деңгейін құқықтық қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатқан мемлекеттік құқықтық реформалар; ҚР "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын іске асыру.</p> <p>ҚР ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып, Ғылым туралы заңнамаға өзгерістер енгізілуі, ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру соңғы екі жылда екі есеге жуық өсуі;</p> <p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге сұраныстың өсуі;</p> <p>«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-ға зерттеу университеті мәртебесіне ие болуы</p> <p>Әлемдік тәжірибе негізінде оқытудың инновациялық технологияларын одан әрі жетілдіру;</p> <p>Жұмыс беруші-серіктестермен тығыз ынтымақтастық орнатып, еліміз үшін сапалы кадрлар даярлау;</p> <p>«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында, «жасанды интеллект», «үлкен деректер» секторларын</p>	<p>Бітіруші мамандарға еңбек нарығында сұраныстың аздығы, тәжірибенің жеткіліксіздігі;</p> <p>Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірлескен жобаларды әзірлеуге жеткіліксіз қызығушылығы;</p> <p>Заманауи жабдықталған оқу-зертханалық аудиториялардың жеткіліксіздігі;</p> <p>Қазіргі жағдайдағы еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздіктің орын алуы;</p>
---	---

және басқа іргелес бағыттарды дамыту тұрғысынан ашық юрисдикция ретінде Қазақстан брендин ілгерілету;	
---	--

Жауаптылар

 А.Ж. Нурсафина

Жалпы биология және геномика кафедрасының меңгерушісі

 Р.И. Берсимбай